ӘОЖ 81:001.12.18

Б.Ж. Доскеева
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
ф.ғ.к., доценті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: doskeeva_b@mail.ru

Рай категориясының мағыналық, тұлғалық сипаты

Рай категориясын сипаттамасы туралы және білдіретін мағынасы мен тұлғасына қарай бөлуде жалпы түркі тілдерінде болсын, қазақ тілінде болсын әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Ғалымдар арасында рай категориясына әртүрлі анықтамалар беріліп, оларды жіктеп бөлуде қайшы көзқарастар орын алып келді. Рай категориясын түрліше түсіну, оны модальдықпен ажыратпай қарастыру түрлі көзқарастың пайда болуына себеп болды. Осыған байланысты профессор С. Исаев рай категориясы етістіктің модальдық мәнін толық қамти алмайтынын дәлелдеп, олардың арасындағы айырмашылықтарды талдап берді. Ал рай категориясын бөлудегі бірізділіктің болмауы (олардың саны үштен он беске дейін жетеді) түркі тілдерінде рай категориясы әлі жеткілікті зерттелмегенін байқатады.

Түйін сөздер: рай тұлғасы, категория, жіктеп бөлу, қайшы көзқарастар, модальдық, реңк.

B.Zh. Doskeyeva

Description of the mood category

To describe the category of mood in the Kazakh language, as in all Turkic languages have formed different opinions. Renowned scientists Türkologists had been given different definitions for the categories of mood, and have also been formed by different conflicting views. Consideration given category, not separating from the modality, was the main cause of the different opinions and views. In this connection, Professor S. Isaev was proved that the category of mood can not fully encompass the essence of the modal verb, and presented their differences. Lack of consensus on the classification category inclination indicates that the category of mood in the Turkic languages still insufficiently explored.

Keywords: category, inclination, classification, modality, color, different opinions.

Б.Ж. Доскеева

Описание категории наклонения

Для описания категории наклонения в казахском языке, как и во всех тюркских языках, сформировались различные мнения. Известными учеными-тюркологами были даны разные определения для категории наклонения, а также были сформированы различные противоречивые взгляды. Рассмотрение данной категории, не отделяя от модальности, послужило основной причиной появления различных мнений и взглядов. В связи с чем профессором С. Исаевым было доказано, что категория наклонения не может полностью охватывать модальную суть глагола, и представлены их различия. Отсутствие единого мнения по классификации категории наклонения указывает на то, что категория наклонения в тюркских языках еще недостаточно исследована.

Ключевые слова: категория, наклонение, классификация, модальность, оттенок, различные мнения.

Етістіктің семантикалық, грамматикалық құбылыстары күрделі болып келетін түрі – рай категориясы. Екі тілді тіл білімі сөздігінде: «Рай – етістіктің сөйлеп түрған адамның түрғысынан алып қарағанда шындық болмысқа деген қатысын көрсетеді. Рай модальдық қатынасты, сөйлеушінің іс-қимыл, әрекетке деген субъективтік қатысын көрсететін грамматикалық тәсіл», – делінген [1, 224-225].

Ал, рай категориясына орыс тілінің лингвистік-энциклопедиялық сөздігінде: «Наклонение – грамматическая категория, выражающая отношение действия, названного глаголом, к действительности с точки зрения говорящего» – деп анықтама берілген.

Жалпы тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де ғалымдар арасында рай категориясына осындай әр түрлі анықтамалар беріліп, оларды жіктеп бөлуде қайшы көзқарастар орын алып келеді. Рай категориясын түрліше түсіну, оны модальдықпен ажыратпай қарастыру түрлі көзқарастың пайда болуына себеп болды, кезінде академик В.В.Виноградов рай тұлғасы туралы: «Ол іс-әрекеттің модальдығын, яғни іс-әрекеттің сөйлеуші жақ белгілеген шындыққа қатынасын айқындайды», – деп анықтама берді. Бұл пікірді көптеген лингвист-ғалымдар И.И. Мещанинов, Е.И. Коркина, Н.Е. Агазаде және т.б. қолдайды.

Қазақ тіл білімінде академик В.В. Виноградовтың пікірін профессор А. Ысқақовтың қолдағанын, рай мен модальдықты бірлікте қарастырғанын автордың мынандай анықтамасынан байқауға болады: «...сөйлеуші лебізінің, я сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер арқылы берілу жүйесі модальдық (рай) категориясы деп аталады. Модальдық категориясының етістік формалары арқылы берілетін амал-тәсілдерінің жүйесі етістіктің райы деп аталады. Олардың әрқайсысында өзіне ғана тән, өзгелерінде жоқ модальдық мән бар» [3, 311-312].

К. Ахановтың, М. Томановтың пікірлері де осындай: «Рай категориясы модальдылықты, іс-әрекетті шындыққа қатынасын білдіретін грамматикалық категория. «...Рай – сөздің белгілі бір формасымен берілген модальдылық». «Рай деп, әдетте әр түрлі етістіктің модальдық мән беретін тұлғалары аталады» [5, 335; 4, 101].

А.Ысқақов райды модальдықтың шындықты ақиқат (реалды), ақиқат емес (ирреалды) тұрғыда білдіруіне қарай топтайды. «Модальдық категориясы арқылы айтылатын пікірдің ақиқатқа қатынасы не реалды болып, не неғайбыл болып көрінуге тиіс. Осындай ерекшеліктеріне қарай, демек амалдың (әрекеттің, қимылдың) ақиқатқа қатынасын білдіруіне қарай етістіктің райлары іштей сараланып, ашық (негізгі) және неғайбыл (жәрдемші) райлар деп аталатын екі салаға бөлінеді» [3, 312].

Белгілі ғалым И.Маманов райды модальдықтың объективтік және субъективтік болып бөлінуіне қарай топтайды. И.Мамановтың ойынша «ашық рай сөйлеушінің қимылдың болу-болмауы туралы объективті шындықты баяндауын көрсететін етістіктің арнайы формасы». Яғни, қимыл объективтік шындыққа қатысты болады. Ал, райдың басқа түрлері сөйлеушінің бір іске субъективті көзқарасын білдіреді. Басқаша айтқанда, сөйлеушінің бір істі қалауы, өкінуі, шарт қоя сөйлеуін көрсетеді [6, 120].

Осыған байланысты профессор С.Исаев: «Рай категориясы етістіктің модальдық мәнін толық қамти алмайды. Оның үстіне сөйлем модальдығы тағы бар. Ол да рай категориясымен байланысты болғанымен, етістіктің рай категориясының шеңберіне сия бермейді. Мысалы, ... *білгішсіну, жүріңкіреу, келгіштеу* ... сияқты сөздермен негізгі етістік пен модаль сөздердің тіркесімен құралған тіркесті түбір етістіктер (барған сияқты, айтуға тиіспін, айтуым керек) де әр түрлі модальдық мән беретіні күмән тудырмайды, бірақ рай категориясының ауқымына енбей жүр, себебі, *біріншіден*, модаль мән, реңк тудыратын қосымшаларда категориялық сипат жоқ, барлық етістікке я етістіктің белгілі бір грамматикалық тобына әрдайым жүйелі жалғана алмайды, *екіншіден*, олардың көпшілігінің (-сы, -сі, -сын, -сін, -сындық, -ғым, т.б.) сөзжасамдық қасиеті бар немесе лексика-грамматикалық сипаты бар, етістік түбірінің грамматикалық сипатына сай келеді, *үшіншіден*, негізгі етістік пен модаль сөздің көмекші мәнде тіркесуі етістік табиғатында таза грамматикалық категория емес, лексика-грамматикалық құбылыс ретінде жеке қаралуы тиіс», -деп, олардың арасындағы айырмашылықтарды талдайды [7, 193].

Жалпы түркі тілдерінде болсын, қазақ тілінде болсын білдіретін мағынасы мен тұлғасына қарай рай категориясын бөлуде әр түрлі пікірлер қалыптасты.

Ең алғаш рай категориялары туралы өзінің 1860 жылы жазған «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегінде Н.И. Ильминский қазақ тілінде төрт рай: ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, түйық рай бар деп тұжырымдаса, 1894 жылы жарық көрген «Краткая грамматика казах-киргизского языка» атты еңбегінде П.М.Мелиоранский рай категориясын бес түрге бөледі: бұйрық рай, қалау рай, шартты рай, ашық рай, түйық рай [9, 138; 10, 51].

1897 жылы миссионерлер қоғамы басып шығарған В.В.Катаринский еңбегінде рай категориясының сегіз түрін көрсетеді: бұйрық рай, ашық рай, қалау рай, түйық рай, шартты рай, күмән рай, шарттылық рай, қарсылықты рай [21, 9].

Ал кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі жылдары жарық көрген Г.Архангельскийдің «Қазақ тілі грамматикасы» (1927 ж.) мен К.Кемеңгеровтың «Қазақ тілі» оқулығында (1929 ж.) жоғарыда айтып өткен В.В.Катаринскийдің «Қырғыз тілі грамматикасынан» еш айырмашылығы болмады.

Қазақ тіл білімінің ірге тасын қалаушы, ірі қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлы өзінің «Тілқұрал» оқулығында етістіктің рай тұлғасының он бес түрін атап көрсетті: түйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, сенімсіз рай, болжал рай, мұң рай, көніс рай, азалы рай, теріс рай, қалау рай [8, 234].

А.Байтұрсынұлы берілген осы он бес райдың ішінен қазіргі біз айтып жүрген қалау райды қалай түсінген?

«Қалау рай дегеніміз – істі көңіл қалау-қаламауын көрсететін сөз, мәселен, барсам екен, бармасам екен, айтсаң екен, айтпасаң екен, білдірсе екен, білдірмесе екен деген сияқты сөздер қалау рай болады» - деп, анықтама беріп *са екен* тұлғасын ғана қалау райға енгізеді. Ал, *-ғай(-гей) тұлғасын* (алғаймын, алмағайсың, түрғайсың, түрмағайсың, болғай, болмағай) *сенімді рай* түріне жатқызады.

- *са игі еді тұлғасын* (барса игі едім, бармаса игі едім, алса игі едің, алмаса игі едің, жүрсе игі еді, жүрмесе игі еді) *теріс рай* түріне жатқызады [8, 234-244].

Түркі туыстас тілдерде де рай тұлғасын бөлуде бірізділік көрінбейді. Олардың саны үштен он екіге дейін жетеді.

Н.П.Дыренкова хакас, ойрот, шор тілдерінде рай көрсеткіштерінің төрт түрін көрсетсе, [11, 66-83], Е.И.Коркина өз еңбегінде якут тілінде он түрлі: ашық рай, бүйрық рай, шартты рай, мүмкіндік рай, бекіту райы, болған істі білдіру райы, болмаған не істелмеген істі білдіру райы, үндеу райы, болжау райы, мақсат райы бар екенін жазады.

У.Б.Алиев қарашай-балкар тілінде рай категориясының жеті түрін көрсетеді: белгісіздік, бекіту (утвердительное), растау немесе қолдау (подтвердительное), шартты, бүйрық, қалау, салыстырмалы (относительное).

Н.К.Дмитриев башқұрт тілінде бес рай: ашық, бүйрық, шартты, қалау, түйық райларын атаса, А.А.Юлдашев алты түрін көрсетеді: ашық, бүйрық, шартты, қалау, міндеттілік, ниет райлары. Ал, үйғыр тілінің грамматикасын жазған В.М.Насилов пен Э.Н.Наджип үйғыр тілінде үш райды атаса (ашық, шартты, бүйрықты-қалау), қазіргі үйғыр тілі мамандары алты түрін көрсетеді (ашық, бүйрық, қалау, шартты, күмән, мақсат).

С.А.Джафаров азербайжан тіліндегі «Түркчэ сэрф нəһф» деген еңбекте рай категориясының он екі түрі, У.И.Гасановта сегіз түрі, Т.Демирчизаде мен Д.Гулиевтің грамматикасында он түрі, бұдан кейінгі еңбектерде де рай тұлғаларының саны әр түрлі екенін жазды.

Осындай бірізділіктің болмауы туралы белгілі түріктанушы Н.А.Баскаков былай деп жазды: «Түркі тілдеріндегі рай және шақ категориялары әлі жан-жақты зерттелген жоқ. Түркі тілдері грамматикасының көпшілігінде бұл категориялар қалыптасқан дәстүрлі схема (латын, грек, батыс европа, орыс тілдерінің грамматикалары) бойынша берілген, яғни нақты бір тілдегі әрбір тұлға салыстыру арқылы анықтамай, олардың беретін мағынылары шынайы зерттелмей, ерекшеліктері мүқият есепке алынбай жазылған».

Ол түркі тілдерінің көбіне егжей-тегжейлі дұрыс зерттелмей, орыс, латын т.б. тілдердің үлгесінде асығыс жазылып жүргенін мойындай отырып, ғалымдарды түбегейлі зерттеу жүргізуге шақырды.

Сондай-ақ, бір құрылымды топқа жататын тілдердің, яғни түркі тілдеріндегі бір категориясының әр түрлі аталуы сол құбылыс жайындағы түсініктің біркелкі болмауынан деп те түсіну керек. Мысалы, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі аффикстерін қазақ тіл білімінің ғалымдары көсемшенің бір көрінісі деп есептейтін болса, үйғыр тілін зерттеушілер бұл тұлғаны жеке рай тұлғасына жатқызып, мақсат райы деп санайды.

Мұның өзі түркі тілдерінде рай категориясы әлі жеткілікті зерттелмегенін байқатады.

30-40-жылдарындағы қазақ тіл білімі қазақ тіліндегі рай категориясы беске бөлінеді деп, түйық етістікті қосып есептейді. Профессор Н.Т.Сауранбаев 1939 жылы «Халық мұғалімдегі» мақаласында («Етістік») рай категорияларына тек ашық, бүйрық, қалау, шартты райды ғана жатқызады. Бірақ кейінгі оқулықтарында аталған райларға қайтадан түйық райды қосады. «Түйық рай деп жүргеніміз – етістікке ұқсап жіктелмейді, яғни шақпен өзгермейді. Атауыш сөз сияқты септеледі, көптеледі, тәуелденеді, ...есімше мен түйық рай атауыш сөздерше септелетіндіктен, тәуелденіп, көптелетіндіктен, сөйлемнің бастауыш, толықтауыш, әсіресе, анықтауыш мүшесі бола алады», - деп жазды. Н.Т.Сауранбаевтың бұл пікірін Ы.Маманов, С.Исаев, Қ.Неталиева т.б. ғалымдарымыз қуаттайды [6, 89; 7,62;].

Академик В.В.Виноградов түйық етістік жайлы: «Орыс тіліндегі түйық етістік, яғни инфинитив не шақты, не санды білдіре алмайды, ең бастысы шақ мәнін бере алмайды. Ал шақ тұлғаларының жүйесі рай тұлғаларымен байланысты» - дей отырып, одан әрі былай жазады: «XIX ғасырдың аяғынан бастап орыс тілі грамматикасында түйық етістік рай тұлғалары жүйесінен бірауыздан сызылып тасталды» [2, 459].

Орыс тіліндегі *неопределенная форма глагола – инфинитив* XIX ғасырдың аяғынан бері

рай категориясына жатқызылмаса, яғни рай категориясының бір түрі деп танылмаса, қазақ тіліндегі түйық етістік 50-60-жылдардағы ғылыми мақалалар мен грамматикалық оқулықтардың барлығында рай категориясының бір түрі ретінде есептеледі.

Рай категориясы, әрине, әр кезде шақпен байланысты екенін жоғарыда айтып өткенбіз. Ал, түйық рай туралы мұны айта алмаймыз. Мағынасы жағынан ол қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіреді, бірақ шақпен де, жақпен де байланысты болмайды, яғни түйық етістік қимылдың, іс-әрекеттің атауы ретінде қолданылады да, етістік тұлғаларына тән шақтық мағынаны да, жақтық мағынаны да білдірмейді. Ол тікелей септеле де, тәуелдене де алады, бірақ жіктелмейді. Түйық етістікке көптік жалғауы, одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып қолданылады.

1960 жылы К.Неталиеваның «-У тұлғалы қимыл есімі» деген еңбегінде бұл мәселеге назар аударылып: «-у тұлғалы етістіктер осы кезге дейін қазақ тілі оқулықтарында, ғылыми еңбектерде рай категориясы ішінде жіктеліп келді. – у тұлғалы етістіктер рай категориясына енетін басқа ашық рай, бұйрық рай, қалау рай, шартты райлардай рай категориясына негізгі түйін болатын жақтық, шақтық, шарттық белгілерді білдіре алмайды. Сондықтан да осы *–у тұлғалы етістіктерді* рай категориясы ішінде емес, етістіктің есімше, көсемше формалары сияқты жеке тақырып негізінде қарасақ дейміз», – деп көрсетіледі.

Осыдан бастап бұл тұлға қазақ тілі оқулықтарында «түйық етістік» деп сөз алдында жеке бөлек тақырыпшада қаралатын болды.

Ал, рай категорияларының қатарына төрт рай – бұйрық рай, ашық рай, қалау рай, шартты рай кіретін болды.

Қазақ тіл білімінде түйық етістіктің рай қатарына қосылып есептелуіне әуелдегі П.М.Мелиоранский сияқты ғалымдардың райларды жіктеудегі үлгісі әсер етсе керек. Оның үстіне елуінші жылдары жалпы түркітануда рай категориясы мен түйық етістіктің ара жігі айқын ажырап, дербес қарастырылмағандығы да ықпал жасаған тәрізді.

Алайда, рай тұлғаларын зерттеген ғалым К.Ищанов осы төрт райдың қатарына қажет және ниет райын қосады, ал профессор Ы.Маманов өзінің 1966 жылы жазған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында аталған райлардың (ашық рай, бұйрық рай, қалау рай, шартты рай) үстіне шарттылық рай, өкініш рай деген тағы екі түрін қосады [6, 15-20; 151-154].

Мұны профессор С.Исаев «ғалымның шарттылық рай деп отырғаны ашық райдың бір түрі де, өкініш райы деген ниет, тілек мәніндегі қалау райдың бір түрі сияқты» деп түсіндіреді [7,169].

Сонымен, қазіргі қазақ грамматикаларының барлығында дерлік етістіктің райлары қимылдың, іс-әрекеттің жүзеге асу, орындалу мүмкіндігіне қарай төрт түрге бөлінеді: ашық рай, бұйрық рай, шартты рай және қалау рай.

Әдебиеттер

1 Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
2 Виноградов В.В. Русский язык. – М: Высшая школа, 1972. – 614 с
3 Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 383 б.
4 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. - Алматы, 1981. – 207 б.
5 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1965. – 600 б.
6 Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы, 1966. – 155 б.
7 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі грамматикалық ұғымдар. – Алматы, 1992.
8 А.Байтұрсынұлы . Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 б.
9 Ильминский Н.И. Материялы к учению киргизского наречия. – Казань. – 1860. – 199 с.
10 Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка.Ч.I. Фонетика и этимология. – СПб 1894. – 72 с. Ч.II. Синтаксис, 1897. – 92 с.
11 Дыренкова Н.А. Грамматика хакаского языка. Фонетика. Морфология. – Абакан, 1948.
12 Сауранбаев Н. Етістік. // Халық мұғалімі, 1939. №23.24.

References

1 Shherba L.V. Izbrannye raboty po russkomu yazyku. - M., 1957, str. 129
2 M. M. Makovskij. Sovremennyj anglijskij sleng. Ontologiya, struktura, e'timologiya / M.M. Makovskij. - 4-e izd. - M.: LIBROKOM, 2009. - 164 S
3 http://www.primavista.ru/rus/articles/sleng_kokni
4 http://www.phon.ucl.ac.uk/home/estuary/ee-faqs-jcw.htm
5 Valiaxmetova D.R. Pis'mennaya razgovornaya rech' v kontekste osobennostej Interne-diskursa. – Kazan', 2001. – C. 9
6 Cunningham Sarah, Moor Peter. New Cutting Edge: Pre-Intermediate: Student's Book
7 Pamela Munro. U.C.L.A. Slang 2. Department of Linguistics University of California, Los Angeles, 1993, #12, p. 90